

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚШАУЛАНҒАН БӨЛІМШЕЛЕРІ (ФИЛИАЛЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ), ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР, ЖЕКЕ НОТАРИУСТАР, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ, АДВОКАТТАР, КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАР, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ, ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ, ШЕТЕЛДІК ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ ӨКІЛДІКТЕР, ҚАРЖЫ БАСҚАРУШЫЛАРЫ ҮШІН АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫ АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы Заңды тұлғалар және олардың жеке бөлімшелері (филиал және өкілдіктері), жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, шаруа қожалықтары, фермер қожалықтары, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктері, қаржы басқарушылары үшін ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабудың жалпы талаптары (бұдан әрі – Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі - Банк) www.forte.kz ресми интернет-сайтында жарияланды. Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптар Клиент ұсынған Қосылу туралы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылады, онда оның негізгі талаптары жазылады және ол бірлескен бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі - Шарт) білдіреді және Банк Клиенттен Қосылу туралы өтінішті қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Банк Клиентке Шартқа сәйкес ағымдағы шотты (-тарды) (бұдан әрі – Шот) ашады және Клиенттің пайдасына келіп түсетін ақшаны қабылдауға, Клиенттің Клиентке немесе үшінші тұлғаларға ақшаның тиісті сомаларын аудару/беру туралы өкімдерін орындауға және Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің ішкі құжаттары мен Банк Тарифтерінің талаптарын сақтай отырып, осы Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда көзделген өзге де қызметтерді орындауға міндеттенеді.

Заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте берілген Клиенттің өтініші бойынша Банк Клиенттің банктік шоттары бойынша жүргізілген банктік операциялар түрі, күні және сомасы туралы ақпарат жазылған SMS-хабарламаны қолтаңба үлгілері және мөрбедері бар құжатқа сәйкес, мұндай өтініште көрсетілген Клиенттің уәкілетті тұлғасына (бұдан әрі - Пайдаланушы) жолдау қызметін («SMS-хабарлама» қызметі) ұсынады.

Клиент Банк көрсететін қызметтердің ақысын осы Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда қарастырылған тәртіпте және талаптарда, www.forte.kz мекенжайындағы Банктің ресми сайтында орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес төлеуге міндеттенеді.

Осы Ағымдағы шоттардың жалпы талаптар бойынша, заңды тұлға және оның оқшауланған бөлімшесі (филиал және өкілдігі), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермер қожалығы, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдігі, қаржы басқарушысы Клиент болып табылады.

Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Банк ұсынатын төлем қызметтерінің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.

1. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда келесі негізгі терминдер мен мағыналар қолданылады:

- 1) **Автокасса** - жасалған QR-код бойынша ағымдағы (оның) шотына/шотынан қолма-қол ақшаны қабылдау-беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған құрылғы;
- 2) **Банк** – «ForteBank» АҚ, оның филиалдарын қоса алғанда;
- 3) **Банк қызметтері** – Клиенттің банктік шотын ашу және жүргізу қызметі, онлайн-платформа, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі жүйесі арқылы электронды банк қызметтері;

4) **Клиент** – заңды тұлға және оның оқшауланған бөлімшесі (филиал және өкілдігі), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермер қожалығы, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік;

5) **Операциялық күн** - Банк Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда көзделген операцияларды жүзеге асыруға Клиенттің өкімдерін (тапсырмаларын) орындауға қабылдайтын, Банк белгілеген уақыт кезеңі.

6) **Қосылу туралы өтініш** - Клиент Банкке қандай да бір банк қызметін алу мақсатында ұсынатын, Клиенттің Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптармен келісетіндігін және Шарттың бекітілгендігін растайтын бекітілген нысандағы құжат.

7) **Қаржы агенті** - Клиенттің қаржыландыру сомасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін, Клиентке факторинг шартының талаптары бойынша қаржыландыру қызметін ұсынатын факторинг компаниясы болып табылатын заңды тұлға, Клиент пен көрсетілген үшінші тұлға арасындағы қатынастардан туындайтын өзінің үшінші тұлғаға (борышкерге) ақшалай талабын Клиент Қаржы агентіне береді.

АҚША АУДАРУ ЖӘНЕ КАССАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

2.1. Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жалпы талаптарда көзделген тәртіппен және тәсілдермен, Шоттағы ақша сомасының қалдығы шегінде өз Шотынан төлемдер жасауға және ақша аударымдарын жүзеге асыруға құқылы. Егер Шотта Банк алатын комиссияның мөлшерін ескере отырып, төлемді жүргізуге, ақша аударымын жүзеге асыруға ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиенттің нұсқауды орындаудан бас тартуға құқылы.

2.2. Егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе, Клиент Банкке өзге нысанда нұсқаулар беруге құқылы, тек берілген нұсқауда Банктің Клиент нұсқауын тиісті орындауы үшін қажетті және Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында көзделген барлық ақпарат қамтылған болса.

Мұндай жағдайда Банк қолданыстағы заңнамада талап етілетін не Банк пайдаланатын нысан бойынша төлем құжатын дербес қалыптастырады.

2.3. Егер Банктің ақшаны Клиенттің қайда бағыттайтынын анықтауына және бақылауына, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Жалпы талаптарда өзгеше көзделмесе, Клиенттің ақшаны өз қалауы бойынша жұмсау құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген басқа да шектеулерді қоюға құқығы жоқ.

2.4. Осы Жалпы талаптарға қосылу арқылы, Клиент Банкке өзінің шотын немесе Банкте ашылған басқа банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы акцептісіз, Клиентке алдын ала ескертусіз және оның қосымша келісімінсіз, ал ол шоттарда ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем құжаттарын Клиенттің Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі кез келген басқа банкте (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған кез келген банктік шоттарына ұсыну арқылы Банк алдындағы берешектің мөлшеріндегі ақша сомасын алуына құқық береді, ал Қазақстан Республикасының немесе тиісті шет мемлекеттің заңнамасында Клиенттің осындай төлем құжатына қосымша акцептін талап етпейтін төлем құжаттарын ұсынуға жол берілген жағдайларда, Клиенттің кез келген шотынан кез келген валюта сомасында Банк алдындағы берешектің мөлшеріндегі ақша сомасын алуға (есептен шығаруға) жол беріледі.

2.5. Клиент осы Жалпы талаптарға қосыла отырып, Клиент интернет және мобильді банкингке қашықтан қызмет көрсету жүйесінде қашықтан қол жеткізу құралдарын пайдалана отырып, жолдаған құжаттарды/нұсқауларды Банктің алуы - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қағаз жеткізгіштегі құжаттарды алуға заңды түрде балама екенін мойындайды. Клиент Электрондық банк қызметтерін ұсыну туралы келісімде көрсетілген тәртіпте және талаптарда қалыптастырылған және Банкке берілген құжаттарды оған қағаз жеткізгіштегі құжаттармен/ нұсқаулармен тең негізде пайдалануға құқық береді. Бұл ретте Клиент орындау үшін Банкке интернет және мобильді банкинг арқылы жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапты болады.

2.6. Клиент интернет және мобильді банкинг арқылы немесе логиндерді, парольдерді және/немесе бір реттік (біржолғы) кодты пайдалана отырып, өзге де балама арналар арқылы банктік шот бойынша жасаған барлық операция үшін дербес жауапты болады. Ал Банк интернет және мобильді банкинг немесе өзге де баламалы арналар арқылы банктік шот бойынша операциялар жасау туралы Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындауға жауапты. Бұл ретте, Клиент логинді, парольді, біржолғы (біржолғы) кодты құпияда сақтауға және үшінші тұлғаларға жария етуге жол бермеуге міндетті, егер оларды үшінші тұлғаларға жария етіп алған жағдайда, оның ішінде Клиент олардың құпияда сақталуы үшін жеткілікті шаралар қабылдамауына байланысты, Клиент осыған байланысты барлық салдар мен тәуекелді өз мойнымен көтереді.

2.7. Банк Клиенттің нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзімде және тәртіпте орындайды.

2.8. Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда ұлттық және шетел валютасында айналыстағы банкноттар мен монеталарды қабылдауды, қайта есептеуді, ұсақтап беруді, айырбастауды, сұрыптауды және сақтауды қамтиды.

2.9. Қолма-қол ақшаны қабылдау және беру:

- Банк филиалының операциялық кассасы арқылы;
- Банк филиалының қайта есептеу кассасы арқылы;
- АТМ/ТС арқылы;
- Автокасса арқылы* жүзеге асырылады.

2.10. Банктің ішкі құжаттарында немесе заңнамада көзделген жағдайларда, Клиент Банкке қолма-қол ақша алуға алдын ала өтінім, сондай-ақ оларды алғанға дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын алу мақсатын растайтын құжаттарды ұсынады және Банкте бар банкноттар мен монеталардағы қолма-қол ақшаны қабылдайды.

2.11. Кассада Клиентке қолма-қол ақша беру үшін қажетті сома болған жағдайда, Клиент өтініш берген күні, алдын ала өтінімсіз ақшаны беру жүзеге асырылады.

2.12. Клиент/Банк қолма-қол ақшаны алған/қабылдаған кезде, Банк орынжайында және Банктің кассақызметкерінің/Клиент өкілінің қатысуында қолма-қол ақшаны қайта санау кезінде анықталған, күмәнді, төлем жасауға жарамайтын және қолдан жасау белгілері бар ақша белгілерін табылғаны туралы, ақшаның кем-артық шыққаны туралы шағымдарды мәлімдеуге құқылы.

2.1. ШОТТАР БОЙЫНША ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

Банк осы Шартта белгіленген жағдайларда Шотты жүргізудің арнайы режимін қарастыруы мүмкін, Клиент оны Қосылу туралы өтінішке тиісті белгі қою арқылы таңдайды. Шарттың басқа талаптарына қайшы келген жағдайда, Шарттың осы бабында қарастырылған талаптар басымдыққа ие болады.

2.1.1. КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІНІҢ ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП ҰСТАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАРҒА АҚШАНЫ ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН БАНКТІК (АҒЫМДАҒЫ) ШОТ

2.1.1-1. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарға ақшаны есептеуге арналған шот тек кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарға ақшаны есептеуге арналған, оған пәтер, тұрғын емес жай иелерінің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқаруға және күтіп ұстауға, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ай сайынғы міндетті жарналары, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер ақысы кіреді.

2.1.1-2. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға қатысы жоқ мұндай Шот бойынша кіріс және шығыс операцияларды жүргізуге болмайды.

2.1.1-3. Банк Мүлік иелерінің бірлестігі төрағасының жазбаша сұрау салуы негізінде ай сайын Шоттағы ақшаның қозғалысы және кондоминиум объектісін басқару мен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға ақшаның жұмсалуды туралы ақпарат береді.

2.1.2. ӨНДІРІП АЛУШЫЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНА ӨНДІРІП АЛЫНҒАН СОМАЛАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ

2.1.2-1. Жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты борышкерлерден өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ақшаны есептеу үшін ашылады.

2.1.2-2. Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты бойынша операциялар қолма-қол ақшасыз нысанда ғана жүзеге асырылады.

2.1.3. ТҰРАҚТЫ ӨКІМ

2.1.3-1. Клиенттің тапсырмасы бойынша бенефициардың (-лардың) пайдасына тұрақты төлемдерді жүзеге асыру үшін Банк Клиент ұсынған тұрақты өкімге сәйкес, заңнамада белгіленген нысан бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, Шотта орындау үшін жеткілікті сома болса, төлем құжаттарын қосымша ұсынбай автоматты режимде жүзеге асырады.

2.1.4. БАНКТІК (АҒЫМДАҒЫ) ШОТТЫ ТІКЕЛЕЙ ДЕБЕТТЕУ

2.1.4-1. Банктің төлем талабы немесе бенефициардың төлем ордері негізінде, бенефициардың деректемелері және Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің бенефициар алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттар бойынша төлем жүргізуі үшін Клиент Банкке Шотты тікелей дебеттеу арқылы ақша алуына келісім береді, осының негізінде төлем талабы немесе төлем ордері берілетін Клиенттің бенефициар (бенефициарлар) алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттар болса.

2.1.4-2. Клиенттің төлем құжаттарын, оның ішінде Банктің төлем ордерін орындау үшін қажетті ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Банк оны мерзімінде орындалмаған құжаттардың картотекасына орналастырады. Картотекаға орналастырылған төлем талаптары Банкте олар орындалғанға дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақыт сақталады. Клиенттің банктік шотына жеткілікті сома түскеннен кейін Ақша жіберуші банк бұрын берілген төлем талабы немесе Бенефициардың төлем ордері негізінде банк шотынан тікелей дебеттеу арқылы төлемді жүзеге асырады.

2.1.5. ШОТҚА АУДАРУ АРҚЫЛЫ ИНКАССАЛАНҒАН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

2.1.5-1. Инкассаланған ақшаны қабылдау, қайта есептеу және Клиенттің шотына есептеу Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Есептеу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, келесі операциялық күнінен кешіктірілмей Клиенттің шотына жүргізіледі.

Бұл ретте:

1) Банкке қолма-қол ақшаны жеткізуді ұйымдастыруды Клиенттің күшімен және қаражаты есебінен инкассация бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымды (бұдан әрі «Инкассация қызметі» деп аталады) тарта отырып жүзеге асырады;

2) Инкассация қызметі инкассаланған ақшаны Банкке жеткізген кезде қолма-қол ақшаны қабылдау және қайта санау заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады;

2.1.5-2. Комиссия төлемей немесе берешекті өтеу мақсатында банк шотындағы ақшаны алу үшін оны үш реттен артық қамтамасыз етпеу Банкке берешекті толық өтегенге дейін қызмет көрсетуді тоқтата тұру құқығын береді.

2.1.6. АТМ/ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ҚАБЫЛДАУ

2.1.6-1. Банк Клиенттен қолма-қол ақшаны Шотқа аудару үшін АТМ/өз-өзіне қызмет көрсету терминалдары арқылы қабылдайды. Толықтыруды Клиент АТМ/өз-өзіне қызмет көрсету терминалының экранында БСН/ЖСН және банктік (ағымдағы) шот нөмірін енгізу арқылы жүзеге асырады. БСН/ЖСН және Шоттың дұрыс көрсетілуіне Клиент жауапты.

2.1.6-2. Толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

2.1.6-3. Клиент қолма-қол ақшаны АТМ/ өз-өзіне қызмет көрсету терминалының купюра қабылдағышына салғаннан кейін, кейіннен нақты қайта есептелген соманы Клиенттің шотына аударып, ақша автоматты түрде қайта есептеледі. Қолма-қол ақшаның қабылданғанын растау үшін чек беріледі. Әрбір орындалған операция бойынша чектер басып шығарылады.

2.1.6-4. АТМ/ өз-өзіне қызмет көрсету терминалы арқылы жүргізілген операция аяқталып, бірақ чек берілмеген болса немесе операция жүргізу кезінде техникалық ақаулық орын алып, шотқа қолма-қол ақша аударылмаған жағдайда, Клиент уақытында, ағымдағы операциялық күн ішінде Банкке жазбаша талап және өз-өзіне қызмет көрсету құрылғысынан (бар болса) алынған чектердің көшірмелерін жолдауға міндеттенеді.

2.1.6-5. АТМ/ өз-өзіне қызмет көрсету терминалы арқылы қызмет көрсету процесінде туындайтын Клиенттің талаптарын, даулы жағдайды қарауға арналған хаттарды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарайды.

2.1.7. ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

2.1.7-1. Валюталық операцияларға жататын барлық операциялар, төлемдер, аударымдар (оның ішінде төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған) және Шот бойынша шетел валютасына конвертация жасаулар Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2.1.7-2. Клиент шетел валютасында шот ашуға және жүргізуге, сондай-ақ шетел валютасына қатысты заңнамада және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасында белгіленген шектеулерге байланысты туындауы мүмкін шетел валютасын сатып алу-сатумен байланысты тәуекелдерді өз мойнына алады, валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді, сондай-ақ шоттардағы ақшаға немесе оларды пайдалану операцияларына салынуы мүмкін салықтар мен қолданылуы ықтимал өзге де міндетті төлемдерді енгізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей.

2.1.7-3. Клиент, шетел валютасындағы Шоттан ақша аудару операциясын жүргізу кезінде, тиісті шет мемлекеттің заңнамасының талаптарын, халықаралық келісімдерді, өзге де талаптарды басшылыққа ала отырып, корреспондент-банк немесе делдал-банк келесі іс-әрекеттерді жасай алатындығы туралы хабардар болғанын растайды:

- жасалатын операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметтерді алу мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісіз мерзімге тоқтата тұруға;

- корреспондент-банк (тер) ұстап қалған комиссияны шегерумен ақшаны Банкке қайтара отырып, бас тартудың себебін нақты көрсетпестен, шетел валютасындағы ақша аударымын аяқтаудан бас тартуға.

2.1.7-4. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы, сондай-ақ, бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық келісімдерде белгіленген шетелдік салық органдары мен шетелдік салық агенттеріне ақпарат беру, сондай-ақ Клиент жол берген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік

органдарға хабар беру бөлігіндегі Банктің міндеттері туралы өзінің хабардар екенін растайды.

2.1.7-5. Банк Клиенттің операциясын жүргізуге қатысатын шетелдік корреспондент-банктен, делдал-банктен сұрату алған жағдайда, Банк операцияға және оған қатысушы тұлғаларға қатысты барлық қажетті мәліметті, түсініктемелер мен құжаттарды ұсына алатындығына, ал егер сұратылған мәліметтер мен құжаттар Банкте болмаса, Клиент Банкке осындай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды толық көлемде және Банк белгілеген мерзімде беретіндігіне Клиент келіседі.

2.1.7-6. Клиент Банктің келесі жағдайларға жауап бермейтіндігіне келіседі:

- Клиенттің төлемін/аударымын корреспондент-банк бұғаттап/тоқтатып қойған жағдайға;
- Клиент қате деректермен шетел валютасында жіберген төлемді корреспондент-банктің, делдал-банктің Шотқа корреспондент-банктер ұстап қалған комиссияларды шегеріп қайтарғанына.

2.1.7-7. Егер Клиент Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) қатысушысы болған жағдайда, яғни, оның аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген /аккредиттелген болса, онда Клиент осы Шартқа қосыла отырып, Банктің АХҚО қатысушысы – Клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген валюталық операциялар бойынша есептерді, атап айтқанда:

- Клиенттің тапсырмалары бойынша жүргізілетін валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты;
- АХҚО қатысушысы ретінде Клиент жүргізген мәмілелер мен операциялар туралы, оның ішінде бейрезидентке қойылатын талаптар мен олардың алдындағы міндеттемелердің өзгеруіне әсер еткен Клиенттердің тапсырмасы бойынша ақпаратты;
- Клиенттің бейрезиденттермен іске асырған бағалы қағаздармен және туынды құралдармен операциялары бойынша ақпаратты;
- Клиенттің қаржы құралдарымен жасаған валюталық операцияларынан есептелген және алынған кірістер туралы ақпаратты АХҚО Қаржы қызметтерін реттеу комитетіне беруге келісім береді.

2.1.7-8. Клиент, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан ақша шығаруға бағытталуы мүмкін валюталық операциялар бойынша төлем жасауға (немесе) ақша аударуға қатысты ақпаратты валюталық бақылау органдарына, құқық қорғау органдарына және өзге де мемлекеттік органдарға беруге осы арқылы өз келісімін береді. Клиент берген бұл келісім валюталық шарт шеңберінде шот бойынша жүзеге асырылатын валюталық операциялар бойынша барлық төлемге және (немесе) аударымдарға қатысты.

2.1.8. БОРЫШКЕРДІҢ АҚШАСЫН ЕСЕПТЕУ, АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫСТАРДЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ СОТ АРҚЫЛЫ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДІ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ КРЕДИТОРЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ҚАРЖЫ БАСҚАРУШЫСЫНЫҢ ШОТЫН АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1.8-1. Қаржы басқарушысының ағымдағы шоты борышкердің ақшасын есептеу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану кезінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында ашылады (бұдан әрі – ҚБ шоты).

2.1.8-2. Қаржы басқарушысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті құжаттарды, оның ішінде мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органның оны Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық бойынша қаржы басқарушысы етіп тағайындау туралы бұйрығын және борышкерге қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығын қолдану туралы іс қозғау туралы соттың ұйғарымын ұсынған жағдайда, Банк ҚБ шотын ашады.

2.1.8-3. Қаржы басқарушысы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ҚБ шотындағы ақшалай қаражатқа дербес билік етеді. Банк қаржы басқарушысының ҚБ шоты бойынша операцияларды жүзеге асыруы кезінде ақшалай қаражатты мақсатты жұмсалуына бақылау жүргізбейді.

2.1.8-4. ҚБ шотының режимі жеке ҚР жеке шоттарына қатысты қолданылмайды.

2.1.9. ФАКТОРИНГІЛІК МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ ҮШІН АРНАЙЫ (АҒЫМДАҒЫ) ШОТ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

2.1.9-1. Банк Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініштің, сондай-ақ Банк пен Қаржы агенті арасында жасалған Келісімнің негізінде Клиентке шектеулі пайдалану режимінде ағымдағы шот ашады. Аталған шот Клиент пен Қаржы агенті арасында жасалған Факторинг шарты негізінде ақшалай талапты беру шеңберінде туындайтын Клиенттің Қаржы агенті алдындағы міндеттемелері бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылады.

Шотқа қызмет көрсетуге және есеп айырысуды жүргізуге байланысты Банктің комиссиясы пайдалану режимі бойынша шектеу қойылмаған, Банкте ашылған Клиенттің қосымша ағымдағы шотынан есептен шығарылады.

2.1.9-2. Клиенттің Факторинг шарты бойынша Қаржы агенті алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Клиент Банкке заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделген тұрақты өкім ұсынады, соның негізінде Банк Клиенттің тұрақты қарауында болады деп айқындалған талаптарға сәйкес Қаржы агентінің пайдасына тұрақты аударымдарды жүзеге асырады.

2.1.9-3. Клиент Шотқа түсетін барлық ақша тұрақты өкімге сәйкес және соның негізінде Қаржы агентінің пайдасына сөзсіз аударылатынына өзінің келісімін растайды.

2.1.9-4. Клиент Банкке Шот бойынша өзге шығыс операцияларын жүргізуге нұсқау беруге құқылы еместігіне келісімін растайды, Банк өз кезегінде Клиент берген тұрақты өкімді орындауды қоспағанда, Клиенттің кез келген нұсқауын орындаудан бас тартады.

2.1.9-5. Клиент осы бөлімге сәйкес ашылған Шотты жабу процедурасы келесі жағдайларда және тиісті тәртіп бойынша жүзеге асырылатынымен келіседі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша Шотты жабуға тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Қаржы агентінің жазбаша келісімі болған кезде Клиенттің бастамасы бойынша;

2) Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің бастамасы бойынша;

3) Банк пен Қаржы агенті арасында жасалған факторингтік мәмілелерді жүргізу үшін ашылған банктік (ағымдағы) шоттарға банктік қызмет көрсету туралы әріптестік келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, Қаржы агентінің жазбаша келісімін ұсынбай-ақ Клиенттің бастамасы бойынша.

2.1.9-6. Банктің Қаржы агентіне Шартқа және Шотқа қатысы бар ақпаратты (Шоттың болуы туралы, Шоттағы ақша қалдықтары, Шоттағы ақша қозғалысы, Шоттағы шектеулер, Шотқа қойылған талаптар, Шоттағы ақшаға тыйым салу, Шотқа билік етуді шектеу туралы) беруге құқылы екендігін Клиент өз келісімімен растайды (бұдан әрі - Ақпарат).

2.1.9-7. Клиент Банктің Қаржы агентіне Ақпарат беруінің әрбір жағдайында оның тарапынан қосымша растау талап етілмейтінін растайды.

2.1.9-8. Банктің Қаржы агентіне Ақпарат беру кезеңділігін, тәртібін және талаптарын Банк пен Қаржы агенті дербес белгілейді.

2.1.9-9. Осы бөлімге сәйкес, Шоттағы ақшаны шектеулі пайдалану режимін белгілеуге байланысты туындайтын Тараптардың өзара қарым-қатынастары Клиенттің өзге Шоттарына қатысты қолданылмайды.

2.1.10. «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН КЛИЕНТТЕРДІҢ БАҚЫЛАУ ШОТТАРЫН АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ

2.1.10-1. Осы тарау «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Корпорация) қаржыландыру алушы тұлғалар – Клиенттермен жасалған шарттар негізінде ашылатын банктік шоттарды (бұдан әрі – Бақылау шоты) ашу, жүргізу және жабудың арнайы тәртібін белгілейді және мұндай шоттардағы ақшалай қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастарды реттейді.

2.1.10-2. Осы тарауда белгіленген арнайы талаптар банктік шоттарды жүргізудің жалпы талаптарынан басымдыққа ие болады, егер өзгеше жағдайлар жеке банктік шот шартымен немесе бөлек келісіммен тікелей көзделмесе.

2.1.10-3. Бақылау шоты Клиенттің Банк комиссиясын және кредиттік қаражатты мақсатты пайдалануға жатпайтын өзге де шығындарды төлеуге арналған бөлек ағымдағы шоты болған жағдайда ашылады.

2.1.10-3. Осы Шартқа қол қою арқылы Клиент Банктің Клиенттің Бақылау шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуге бағытталған, Корпорацияның уәкілетті органы бекіткен шығыстар тізбесіне (бұдан әрі - шығыстар тізбесі) сәйкес келетін клиенттің нұсқауларын ғана орындайтынына келіседі.

2.1.10-4. Шығыстар тізбесіне сәйкес келмейтін шығыс операцияларын жүргізу жөніндегі Клиенттің нұсқаулары Банктің орындауына жатпайды.

2.1.10-5. Клиент Бақылау шотындағы ақшалай қаражатты тек қолма-қол ақшасыз тәртіпте және Шығыстар тізбесінде және Корпорация мен Клиент арасындағы шартта белгіленген мақсатты пайдалану шеңберінде ғана жұмсауға құқылы. Бақылау шотынан қолма-қол ақша алуға тыйым салынады.

2.1.10-6. Клиент осы арқылы Банкке төмендегі мәселелерге қатысты банктік құпияны құрайтын мәліметтерді Корпорацияға ашуға сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді:

- 1) Бақылау шотын ашу, жүргізу және жабу;
- 2) Бақылау шотына қойылған шектеулер, ауыртпалықтар мен тыйым салулар, сондай-ақ Бақылау шотындағы ақшалай қаражатқа қойылған талаптар;
- 3) Бақылау шотындағы қалдық пен ақшалай қаражаттың қозғалысы;
- 4) Клиентке және/немесе Бақылау шотына қатысты, бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануын бақылау үшін Корпорацияға қажетті кез келген өзге ақпарат.

2.1.10-7. Клиент Бақылау шотына қатысты кез келген ауыртпалықтар, тыйым салулар немесе үшінші тұлғалардың талаптары қойылғаны, не оларды қою мүмкіндігі туралы Банкке дереу хабарлауға міндетті.

2.1.10-8. Бақылау шотын жабу Клиенттің өтініші негізінде және Корпорацияның Банкке еркін нысанда жолданған жазбаша келісімі арқылы жүзеге асырылады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Банк міндетті:

3.1.1. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қажетті барлық құжатты ұсынған жағдайда, Шот(-тар) ашуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда, Шарттың мәніне сәйкес келетін төлем қызметтерінің көрсетілуін жүзеге асыруға;

3.1.2. электронды төлем құралын немесе қашықтан кіру жүйесін қолдану кезінде, жөнелтуші тарап талап, тапсырма нысанындағы немесе Клиенттің келісімі түріндегі нұсқауларды ұсынған жағдайда, Клиентке тиесілі (Шоттағы ақша қалдығы шегінде) ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасын және Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарды сақтай отырып, Клиенттің Шотына ақшаны есептеу және Клиенттің Шотынан ақшаны алу операцияларын жүргізуге;

3.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша кассалық -есеп айырысу қызметін көрсетуге;

3.1.5. Шотта орналасқан ақша сомасы, төлем қызметі (-тері) бойынша алынатын комиссия (комиссиялар) мөлшері, Шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты операция жүргізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей құрастырылған банктік шот бойынша үзінді-көшірмелер нысанында, оларды Клиентке немесе ол өкілеттік берген тұлғаға қолдарына табыстау немесе қорғалған электронды байланыс арналары арқылы немесе Клиент сұратқан өзге нысанда беруге;

3.1.6. Клиентке және/немесе ол көрсеткен тұлғаға Шоттан қолма-қол ақша беруді Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жүзеге асыруға;

3.1.7. Шот бойынша жүргізілетін операциялар бойынша құпияны сақтауға және үшінші тұлғаларға банктік құпияны құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда белгіленген тәртіпте, талаптарда және негіздер бойынша ұсынуға;

3.1.8. 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке Клиент жазып берген чек төлемінен бас тартудың әрбір жағдайы, ақаулы және/немесе жасанды чектің анықталғандығы туралы жазбаша түрде хабарлауға;

3.1.9. Клиент Банк тарифтеріне сәйкес чек кітапшасын бергені үшін Банк комиссиясын төлеген жағдайда, Клиентке Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және талаптарда чек кітапшаларын беруге;

3.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімде Клиенттің Шотын ашу/жабу туралы салық органдарына хабарлауға;

3.1.11. Клиенттің/үшінші тұлғаның нұсқауларын орындаудан бас тартуға, егер мұндай нұсқау және/немесе ол бойынша ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмесе және/немесе қайшы келсе және/немесе Клиенттің Шотында Банк тарифтеріне сәйкес ол бойынша операциялар жүргізгені үшін комиссия төлеуге ақша болмаса немесе жеткіліксіз болса;

3.1.12. Мөрді өзгерту қажеттілігіне әкелетін Клиенттің – заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны басқаша аталған/өзгерген жағдайда, сондай-ақ мөр жоғалған немесе тозған жағдайда – Клиентке оның жазбаша өтініші негізінде жаңа мөр әзірлеуге 20 (жиырма) жұмыс күнін беруге және осы кезең ішінде Клиенттің Шоты бойынша оларға Клиенттің мөр бедерін қоймастан төлем құжаттары бойынша операциялар жүргізуге;

3.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларды тоқтату туралы шешімдерін және/немесе өкімдерін, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы, сондай-ақ Шотта орналасқан Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы актілерді орындауға;

3.1.14. уәкілетті мемлекеттік органдардың Шот бойынша шығыс операцияларды тоқтату туралы шешімдерді және/немесе өкімдерді, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы, сондай-ақ Шоттағы Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы актілерді жою туралы тиісті жазбаша хабарламалары негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларды іске қосуға және Клиенттің бұрын тыйым салынған ақшаға иелік ету құқығын шектемеуге;

3.1.15. егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған болса, Клиенттің Банк алдындағы оған берілген қарыз(-дар)/кредит(-тер) бойынша ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында қойған нұсқауларын, Клиенттің шотында бұндай нұсқаулықты орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің шотына оларды орындауға жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін бір жыл бойы сақтауға;

3.1.16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылған үшінші тұлғалардың Шоттан ақша алу туралы нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте орындауға;

3.1.17. оған осы Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптармен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді орындауға;

3.1.18. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты/Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді Банк филиалдарының операциялық залдарында, www.forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыруға;

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер өскен жағдайда, осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін 3 (үш) ай бұрын;
- басқа жағдайларда осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын.

3.1.19. Клиент немесе Бенефициар туралы ақпарат әрекеттер туралы базадағы ақпаратпен сәйкес келген кезде, Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Клиентке кез келген тәсілмен, оның ішінде ауызша хабардар ету (Клиент көрсеткен ұялы телефон нөміріне телефон қоңырауы арқылы) немесе Банкте бар мекенжай бойынша жазбаша түрде себептерін көрсете отырып, не электрондық нысанда (Клиенттің электрондық поштасының мекенжайына (қолма-қол және/немесе пошта қызметі) және/немесе телефон нөміріне SMS-хабарлама/ҚБҚЖ арқылы Push-хабарлама) арқылы шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұратыны туралы хабарлануы керек. Егер Клиент базаға енгізілген Бенефициардың пайдасына төлемді немесе ақша аударымын жасау ниетін ауызша немесе жазбаша растаса, Банк осы төлемді және (немесе) ақша аударымын бенефициардың пайдасына қайта жандандырады.

3.2. Банк мыналарға құқылы:

3.2.1. Клиенттен Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауға, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Шот бойынша операцияларды жүргізуі үшін, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі - FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беру үшін қажетті кез келген құжатты және ақпаратты сұратуға;

төмендегідей жағдайларда Клиенттің Шартқа қол қою арқылы берген оның Шотынан (Шоттарынан) ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде Клиенттің Шотынан, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген басқа банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша алуға:

- 1) ақша аудару жолымен жүзеге асырылған рұқсат етілмеген төлем дерегі анықталғанда;
- 2) жалған төлем құжатының негізінде ақша аударғанда;
- 3) қате нұсқауды орындағанда;
- 4) Клиенттің Банк алдында кез келген ақшалай міндеттемелері бойынша, қандай да бір банк қызметін көрсеткені үшін Банк комиссияларын төлеу міндеттемелерін қоса алғанда, Банк алдында берешегі болғанда;
- 5) Банк қате жіберіп, нәтижесінде Клиенттің шотына ақша негізсіз түскенде;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, тәртіпте және негіздер бойынша.

3.2.3. Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер/толықтырулар енгізуге:

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер өскен жағдайда, осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін 3 (үш) ай бұрын;
- басқа жағдайларда осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлауға,

Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын жағдайларды қоспағанда, осындай өзгерістерді/толықтыруларды Банк филиалдарының операциялық залдарында, www.forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыруға, Интернет және мобильді банкингке хабарламалар жіберуге құқылы.

Банк осы тармақта белгіленген тәртіп бойынша, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпаратты жариялаған күннен бастап хабарламаның тиісті мерзімі өткеннен кейін мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді. Өзгерістер/толықтырулар енгізілгеннен кейін Шарт жаңа редакцияда қолданысын жалғастырады.

3.2.4. Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша біржақты өзгертуге тыйым салынатын Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер өскен жағдайда, осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін 3 (үш) ай бұрын;
- басқа жағдайларда осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакция) күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлауға;
осындай өзгерістерді/толықтыруларды Банк филиалдарының операциялық залдарында, www.forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыруға, Интернет және мобильді банкингке хабарламалар жіберуге құқылы.

Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап Клиент Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдамайтындығы туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Клиенттің мұндай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді.

3.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда, сонымен қатар келесі жағдайларда, біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға, Шотты жабуға және Шарттың әрекет етуін тоқтатуға:

- 1) Клиент таратылған жағдайда, таратылу дерегін растайтын құжаттар бар болған кезде;
 - 2) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес уәкілетті орган құратын терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбелерінде (бұдан әрі - Тізбелер) Клиент туралы мәлімет болса;
 - 3) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
 - 4) егер Клиент жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмән болса;
 - 5) Клиент Клиентке тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) ұсынуға келісімін беруден бас тартқанда, бұған Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ондай жабуларға рұқсат етілмейтін жағдайлары қосылмайды;
 - 6) Клиенттің Шотында бір күнтізбелік жылдан аса ақша болмаған жағдайда;
 - 7) Клиенттің Шотында бір жылдан аса ақша қозғалысы болмаған жағдайда, бұған ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар қосылмайды;
- Клиенттің Шотында бір жылдан аса ақша болмаса, Банк көрсетілген мерзім өткен соң, Клиентке дербес хабарламай-ақ Шотты жабады.

3.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Шотқа орындалмаған талаптар болған жағдайда Шотты жабудан бас тартуға.

3.2.7. Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауы мақсатында банк операцияларын жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген түрдегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүргізуге.

3.2.8. Келесі жағдайларда банктік шот бойынша операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе бас тартуға:

- 1) егер бұл операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) келесілер болып табылса:
 - а) Тізбелерге енген ұйым немесе тұлға болса;
 - б) тікелей немесе жанама түрде Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға, Тізбелерге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болса;

в) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;

2) егер Клиент жүргізетін операцияларды зерттеу барысында олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмән болса;

3) заңнамада, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда.

4) Шот бойынша операциялар жүргізу кезінде алаяқтық әрекеттерге/өзге де құқыққа қарсы тосын оқиғаларға күдік келтірілген жағдайда;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының дерекқорында Клиенттің және/немесе бенефициардың болу фактісі анықталған жағдайларда.

3.2.9. Банк Клиент берген сенімхаттың заңдылығын анықтай алмаған жағдайда және Клиент Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.3.13. т. талаптарын орындамаған жағдайда сенім білдірілген тұлғаның Шот бойынша операция жүргізуін болдырмауға.

3.2.10. Клиенттің Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, Банк алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Клиенттің/ол өкілеттік берген тұлғаның банктік шотындағы ақшаға иелік ету бойынша нұсқауларын Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін тиісті түрде орындағанға дейін орындамауға. Бұл ретте, Банк мұндай жағдайларда нұсқауларды орындамағаны үшін, сонымен қатар келтірілген шығындарды өтеу бойынша Клиент алдында жауапты емес.

3.2.11. Клиент банктік қарыз шарты/кредит желісін ашу (беру) туралы келісім және/немесе Банк бекіткен қамтамасыз ету шарты (-тары) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Шот бойынша операция жүргізуді тоқтатуға, қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей.

3.2.12. тізімі электронды түрде берілмей, қағаз түрінде оннан астам позиция (тектері) жазылған көрсетілген жарналар мен аударымдар төленетін тұлғалар тізімі бар төлем тапсырмасын берген жағдайда, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды немесе әлеуметтік жарналарды төлеу үшін ақша аудару бойынша операцияны жүргізуден бас тартуға.

3.2.13. Банк осы Шарттың, Қазақстан Республикасы және Банк қызметіне қатысы бар шет мемлекеттер заңнамаларының, ішкі рәсімдердің және жария болып табылатын Банктің және корреспондент банктің шарттарының талаптары бұзылып жатыр, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаса, сондай-ақ әрекеті Банкке және Клиентке таралатын (сонымен қатар, бірақ бұлармен шектелмей, операция түрлерімен, Салымшының және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлердің/қатысушылардың, бенефициарлы меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда, бір жақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға;

3.2.14. Шот бойынша шығыс операцияларын (барлық немесе жекелеген), оның ішінде интернет және мобильді банкінгте - Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі рәсімдерінде көзделген мерзімге тоқтата тұруға, сондай-ақ Клиенттің интернет және мобильді банкінгке кіруіне шектеу қоюға, Шоттағы ақшаның алаяқтық немесе басқа да заңсыз іс-әрекеттерге қатысы туралы негізді күдік болған кезде немесе басқа да жағдайларда, құқыққа қарсы іс-әрекеттердің Клиентке қатысты іске асырылуы мүмкіндігі туралы Банкті, не оның өзге де клиенттерін хабардар етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, көрсетілген іс-әрекеттер мен олардың салдарын болғызбауға, Клиенттің, Банктің не оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқартуға бағытталған іс-әрекеттер жасауға.

3.2.15. Банк келесі жағдайларда «SMS хабарлама» қызметін ұсынуды тоқтатуға құқылы:

- Клиенттің заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте берген өтініші бойынша;
 - Пайдаланушыны қол қою және мөрбедері үлгілері бар құжаттан шығарған және барлық банктік және қаржылық құжатқа қол қою құқығын жойған жағдайда;
 - егер Клиенттің Банк Шарт бойынша көрсеткен қызмет ақысын төлеу бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі болса.
- 3.2.16. Шот бойынша алаяқтық және/немесе құқыққа қарсы оқыс оқиға белгілері бар операциялар анықталған кезде, Клиенттен осындай транзакция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты сұратуға.
- 3.2.17. Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Клиенттің Шотына, сәйкестендіру құралдарына кіру рұқсатын бермеуге (оның ішінде үшінші тұлғалардың төлемдер жасауына және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруына әкеп соққан рұқсат беруді қоса алғанда).

3.3. Клиент мыналарға міндетті:

- 3.3.1. Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген Клиенттің Шотын ашу және жүргізу үшін қажетті барлық құжатты ұсынуға;
- 3.3.2. Шотты жүргізгені үшін, сондай-ақ басқа да банктік қызметтерді ұсынғаны үшін Банкке Шот бойынша тиісті операцияларды жасау кезінде әрекет ететін, Банк филиалдарының операциялық залдарында және Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлеуге;
- 3.3.3. Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтауға;
- 3.3.4. Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарға сәйкес ресімделген, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарға қайшы келмейтін, Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқауларды беруге;
- 3.3.5. егер Клиенттің Шотына негізсіз түрде қателесіп ақша аудару дерегі анықталған жағдайда, Клиентке қателесу дерегі белгілі болған сәттен бастап немесе Банк қателесіп аударылған ақшаны қайтару туралы тиісті хабарламаны жолдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қателесіп аударылған ақшаны толығымен қайтаруға;
- 3.3.6. дереу (үш жұмыс күні ішінде) Банкке Клиенттің Шоты бойынша Банк жүргізетін операцияларға ықпал етуі мүмкін барлық өзгеріс туралы, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің атауының, оның орналасқан жерінің өзгеруі туралы, Шотқа иелік ету құқығы бар тұлғалардың өзгергені туралы жазбаша түрде хабарлауға және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға. Олай болмаған жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізуге ықпал ететін мұндай өзгерістер туралы ақпараттың болмауы кезінде жасаған әрекеттері (әрекет етпеуі) үшін жауапкершілік көтермейді;
- 3.3.7. алынып тасталды;
- 3.3.8. келесі жылдың 5 қаңтарынан кешіктірмей, жыл сайын 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өз Шоты бойынша Сальдоны растап отыруға;
- 3.3.9. алынып тасталды;
- 3.3.10. Банкке Банк валюталық бақылауды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау мақсаттары үшін, сондай-ақ, клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін сұратқан қажетті кез келген құжат пен ақпаратты ұсынуға;
- 3.3.11. Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарға, Шартқа және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған Банктің басқа да міндеттері мен талаптарын уақытында және тиісті түрде орындауға;
- 3.3.12. Банктің www.forte.kz. ресми сайтында, Банк филиалдарының операциялық залдарында Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін

өзгерістер/толықтырулар туралы ақпараттың орналастырылуын тұрақты түрде бақылап отыруға;

3.3.13. Шоттағы ақшаға иелік етуге сенімхат беру дерегі туралы сенімхат берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке тиісті түрде ресімделген сенімхатты беру арқылы Банкке жеке хабарлауға;

3.3.14. Банкке міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды немесе әлеуметтік аударымдарды төлеуге аудару бойынша қағаз жеткізгіштегі төлем тапсырмасын, оннан астам позицияны (тегі) қамтитын көрсетілген жарналар мен аударымдар төленетін тұлғалардың тізбесін электронды түрде ұсынғанда;

3.3.15. Пайдаланушылардың ұялы телефондарын, телефондарының SIM-карталарын жоғалтқан, ұрлатқан және өзге жағдайларда, сонымен қатар SIM-картаны ауыстырған немесе оларды кез келген негіз бойынша үшінші тұлғаларға берген жағдайда, дереу, жоғарыда аталған жағдайлар орын алған немесе бұл жағдайлардың басталғаны туралы Клиентке белгілі болған сәттен бастап бұл туралы Банкке хабарлауға және заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте «SMS-хабарлама» қызметін тоқтату туралы өтініш беруге.

3.3.16. «SMS-хабарлама» қызметіне қосылған ұялы телефонның тұтастығын қамтамасыз етуге және үшінші тұлғалардың рұқсатсыз телефонға кіруіне жол бермеуге;

3.3.17. Клиенттің бірінші басшысы ауысқан жағдайда, «SMS-хабарлама» қызметін Пайдаланушыларды ауыстыруға және (немесе) растауға;

3.3.18. (Шартты бекіту кезінде де, болашақта да) өзіне де, оның өкіліне де, бенефициарлық меншік иесіне де немесе басқару құрылымының, меншігінің басқа қатысушыларына да, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға да, контрагенттерге де қандай да бір шектеулер немесе санкциялық сипаттағы шаралар қолданылмайтынын, сондай-ақ әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сонымен қатар Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялар тізіміне (бұдан әрі - Санкциялар) енгізілмегенін растауға;

3.3.19. егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қандай да бір сәтте оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкциялардың қолданылғаны/әсері туралы белгілі болса, бұл туралы дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуі керек болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке хабарлауға. Санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Клиент Банкке Санкция қолдану/ықпалы туралы хабарлау міндетін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, тоқтата тұруға, кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы.

3.3.20. Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды жібермеуге немесе операцияларды орындамауға. Егер осы Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қалауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту, сонымен қатар санкцияланған тауарларды жеткізу, төлемдерді жүргізу немесе Санкцияны бұза отырып қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру және т.б. білдіреді.

3.3.21. заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Салымшының Шотына, сәйкестендіру құралдарына кіру рұқсатын бермеуге, оның ішінде үшінші тұлғалардың төлемдер жасауына және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруына әкеп соққан рұқсаттың берілуін қоса алғанда;

3.3.22. Шот бойынша алаяқтық және/немесе өзге де құқыққа қарсы тосын оқиғалар белгілері бар операциялар анықталған кезде, Банктің сұрау салуы бойынша Банкке Банктің ішкі рәсімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай операция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.

3.4. Клиент мыналарға құқылы:

3.4.1. оның Шотында орналасқан ақшаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өздігінен иелік етуге;

3.4.2. Шот бойынша операцияларды Банкте белгіленген операциялық күн ішінде жүргізуге;

3.4.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте және талаптарда қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың барлық түрін қолдануға, сондай-ақ қолма-қол ақшамен операцияларды жүргізуге;

3.4.4. Банк көрсететін банктік қызметтердің толық кешенін алуға;

3.4.5. Банктен Шоттағы ақша сомасы туралы және белгілі бір уақыт кезеңінде Шот бойынша жүргізілген операциялар жөнінде мәліметтерді алуға;

3.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шотты жабуға/Шарттың қолданылуын тоқтатуға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда, **сондай-ақ Шартта басқаша көзделмесе**, Шотты жабудың/Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын біржақты тәртіппен Шотты жабу/Банктік шот шартын бұзу туралы жазбаша өтінішпен Банкке жүгінуге.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

4.2. Банк Клиенттің Шотына ақшаны уақытында есептемегені немесе заңсыз түрде есептен шығарғаны үшін, Банктің міндеттемелерді тиісті орындаған күнін қоспағанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, Банк уақытында есептемеген/заңсыз есептен шығарған соманың 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде өсімақы, бірақ залал емес, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген соманың 5 (бес) % артық емес мөлшерде төлеуге міндеттенеді.

4.3. Банк Клиентке Клиент нұсқауларын, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Шоттан ақша аудару туралы және/немесе Шоттан қолма-қол ақша беру туралы нұсқауларын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, Банктің міндеттемелерді тиісті түрде орындаған күнін қоспағанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, Банк орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған нұсқау сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде өсімақы, бірақ залал емес, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген берешектің 5 (бес) % артық емес мөлшерде төлеуге міндеттенеді.

4.4. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің қолданысқа ену салдарынан туындаған Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптардың өзгерісі үшін;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері және (немесе) өкімдері негізінде шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу және/немесе шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижелерінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;

3) Клиенттің келісімінсіз шоттан ақша шығарып алу негізділігі үшін, ондай шығарып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмейтін Шарт талаптарына сәйкес жүргізілсе және мәні бойынша Шоттан ақшаны Клиенттің келісімінсіз алуға қарсы Клиенттің қарсылық білдіруін қарастырмаса;

4) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, сонымен қатар тоқтатқаны үшін;

5) Банктің жіберген SMS-хабарламасын ұялы байланыс операторының жеткізбегені үшін;

6) Егер Пайдаланушының ұялы телефонының, осы ұялы телефонының SIM-карталарының жоғалғаны, ұрланғаны және өзге жоғалту жағдайлары немесе олардың кез келген негіз бойынша үшінші тұлғаларға берілгендігі туралы Банкке уақытында хабарланбаса, ұялы байланыс арқылы уәкілетті емес тұлғаларға банктік шот(-тар) бойынша ақпарат бергені үшін.

4.5. Клиент Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.3. тармағының 3.3.2., 3.3.5. тармақшаларында қарастырылған өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, Банк орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған міндеттемелердің әрбір жағдайы бойынша Клиенттен кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін, Клиенттің міндеттемені орындаған күнін қоса алғанда, орындалмаған/тиісті түрде

орындалмаған міндеттемелер соммасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % процент мөлшерінде, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген соманың 5 (бес) % артық емес мөлшерде өсімақы алуға құқылы.

4.5.1. Клиент Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарында көзделген өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банк міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған әрбір жағдай бойынша Клиенттен 1 (бір) АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

4.6. Тараптар өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайлары, атап айтқанда, онымен шектелмей-ақ, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр қуаты берілуінің іркілуі, Тараптардың кез келгенінің орындауы үшін міндетті мемлекеттік органдардың шешімі салдарынан туындаса.

4.6.1. Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкеп соқтырған, оларды беруді қоса алғанда, соның салдарынан Салымшының Шотына, Салымшының сәйкестендіру құралдарына үшінші тұлғалардың кіру рұқсатына ие болуы нәтижесінде туындаған салдарлар үшін.

4.7. Клиент Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарына сәйкес Банкке ұсынылған құжаттарының дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жауап береді.

4.8. Шартты (іскерлік қатынастарды) бір жақты тоқтатқан жағдайда, Банк Шартты (іскерлік қатынастарды) тоқтатудың болжамды күнінен кем дегенде екі күн бұрын Клиентке Банкте бар мекенжай немесе телефон бойынша электрондық нысанда (Клиенттің электрондық поштасына, ҚБҚКЖ арқылы SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама) не пошта арқылы тиісті хабарлама жолдау арқылы, сондай-ақ Банктің сайтында және/немесе БҚҚКБ-да ақпаратты орналастыру арқылы Шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар етеді.

4.9. Клиент Шартқа қол қоя отырып шет мемлекеттердің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеті Клиентке және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операция түрімен, Клиенттің және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициар меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (соның ішінде шығындар мен алынбай қалған пайданы) өз мойнына алады. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен алынбай қалған пайда) үшін жауапкершілік көтермейді.

4-1. БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ¹

4-1.1. Осы құжат арқылы Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы туралы Клиентке хабарлайды, бұл факті «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) берген 2015 жылғы 02 наурыздағы №17 куәлікпен расталады.

4-1.2. Барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда Банктің шоттағы ақша қалдықтарын қайтару жөніндегі міндеттемелері - Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

4-1.3. Заңда қарастырылған Салым бойынша кепілді өтемді төлеудің тәртібі және мерзімдері туралы, сонымен қатар счетке міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында қарастырылған тәртіпте ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына аударуы туралы ақпарат, Клиенттын бұл туралы хабардар ету туралы заң талаптарын орындау үшін, www.forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында счетке

¹Аталған тармақтың талаптары тек Клиенттерге – жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға қатысты қолданылады.

міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның басқару органы бекіткен хабарлама нысанында орналастырылған.

Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Жалпы талаптарға қосылады және аталған хабарламамен танысқанын растайды.

4-1.4. Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының өзгеруіне және ҚДКБҚ енгізетін өзгерістерге байланысты кепілдік беру шарттары өзгерген жағдайда, Банк қабылданған кепілдік беру шарттарын Шартқа қатысты қолдануға құқылы.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

5.1. Клиент, Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында:

- Клиент – жеке тұлға болған жағдайда:

- forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

- Клиент заңды тұлға болған жағдайда:

заңнама талаптарына және/немесе келесі тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес, аталған тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болған жағдайда, не мұндай міндеттер мен құқықтар өзге де негіздер бойынша туындаған кезде, үшінші тұлғаларға/үшінші тұлғалардан, оның ішінде:

- уәкілетті мемлекеттік органдарға; мемлекеттік заңды тұлғаларға, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компанияларды қоса алғанда; кредиттік бюроларға; зейнетақы қорына; мемлекеттік дерекқор операторларына/иелеріне; курьерлік компанияларға; ұялы байланыс операторларына; Банкке ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсететін немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызмет саласында өзге де мәмілелері бар тұлғаларға; шетелдік корреспондент-банктерге; FATCA талаптарына сәйкес АҚШ Ішкі кірістер қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әртүрлі қызметтерді және жоғарыда аталған үшінші тұлғалардың бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып, Клиент туралы ақпаратты/Клиент туралы деректерді беруіне/алуына келісім береді;

- Мемлекеттік дерекқор (МД), Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығы (СДӨО), сондай-ақ ресми және заңды дереккөздер (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа ресми дереккөздер) иелерінің Клиент туралы деректерді, сонымен қатар МҚ-дан МҚ иелерінен/операторларынан алынған деректерді Банкке, кредит бюроларына және өзге ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне келісім береді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның қолында бар және алдағы уақытта келіп түсетін Клиенттің деректерін кредит бюроларына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) ұсынуына келісім береді;

- Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, барлық заңды дереккөздерден Клиент туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, Банктің алдын ала талдау жүргізуіне келісім береді;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруіне келісім береді, оның ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында бір күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны шешіп алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында да;

- Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттарды келесі жағдайларда ашуына келісім береді:

- а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;
 - б) банк қызметкерлеріне;
 - в) Банктің қызметін негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;
 - г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, Банк осындай тұлғамен(-лармен) мәні көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауы туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім(-дер) жасасқан жағдайда.
- Коммерциялық, банктік немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Клиенттің кінәсінен бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа ақпарат көздерінен мәлім болған жағдайда, Банк оған жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-на (бұдан әрі - Кредиттік бюро): (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Клиент туралы ақпарат алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Клиент туралы ақпаратты Банкке беруіне келісім береді;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, МД иелеріне/операторларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға: Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке Өтініш туралы ақпаратты беруіне келісім береді;

- болашақта Кредиттік бюроларға түсетін және/немесе соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жылдан бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ өзге де қызметтерді ұсынуға келісім береді.

5.2. Осымен Клиент: шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша Банкке берген және алдағы уақытта беретін дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты² сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда Клиенттің дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаға, сонымен қатар, Банкке беруіне, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу келісім туралы келісімнің нысаны бойынша алдын ала келісім алғанын растайды:

5.3. Банктің талабы бойынша Клиент дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруіне, оның ішінде Банкке беруіне дербес деректер субъектілерінен жинаған келісімдерінің бар-жоғына құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде осындай келісімдерді жинайды, содан кейін оларды алғанын Банкке растайды.

5.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оларды үшінші тұлғаларға, сонымен қатар Банкке беруге және Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Егер дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қатысты қандай да бір шаралар қолданылса, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды өтеуге міндеттенеді.

5.5. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауды, өңдеуді және таратуды жүзеге асыруға міндеттенеді;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу талаптарын дербес айқындауға құқылы;

² Дербес деректер жататын жеке тұлға (өкіл, қызметкер, қатысушы/акционер, бенефициарлық меншік иесі, өзге де жеке тұлға).

- Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып, дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен артық сақтауға және өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын іс-әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

6. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАП

- 6.1. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормаларын сақтайды. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты - шаруашылық қызметке байланысты ресімдерді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешу үшін жәрдемдесуді/ төлемдер төлеуді көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.
- 6.2. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары және осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлері, қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуді/алуды немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) кез келген тұлғаға, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету мақсатында, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздейтін тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде беруді қабылдамайды, төлемейді, төлеуді ұсынбайды және рұқсат бермейді (санкция береді).
- 6.3. Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәліктер болып табылады. Тараптар Шарт жасау барысында осындай растауларға сүйенеді.
- 6.4. Тарап осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Шарт оған екі Тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, мерзімсіз әрекет етеді және талаптарының бір бөлігі Жалпы талаптарда белгіленген қосылу шарты болып табылады. Клиент Шартқа қол қоя отырып, Жалпы талаптарды қоса алғанда, Шартқа жалпылама қосылады.

7.1. Шарттың қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- 1) Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;
- 2) Банк Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және негіздер бойынша банктік шотты жапқан кезде;
- 3) Шартқа сәйкес берілген және Шартты бұзуға кедергі келтіретін міндеттемелердің болмау жағдайында, Клиенттің Шартты бұзу туралы өтініші бойынша.

7.2. Шарт бұзылған жағдайда, осы Шарт бойынша Клиентке берілген жеке сәйкестендіру коды жойылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

8.1. Клиентке оның Шоты бойынша кассалық есеп айырысу қызметін көрсету Банк белгілеген операциялық уақытта жүргізіледі.

8.2. Шарт шегінде шетел валютасында төлем қызметін көрсету кезінде, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Банк белгілеген айырбастау бағамы қолданылады.

8.3. Клиенттің рұқсат етілмеген төлем қызметі бойынша жүгінуі немесе басқа наразылығы негізді болған жағдайда, Банк наразылықты қарастыру аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шотта операция сомасын қалпына келтіреді және Клиентке құжатпен расталған басқа шығындарды өтейді.

8.4. Банк Клиентке тараптар белгілеген талаптарға сәйкес Клиенттен ол туралы хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылған рұқсат етілмеген төлем қызметіне байланысты шығындарды, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспайтын мөлшерде, бұндай операцияны орындағаны үшін Банк комиссиясын ескере отырып, оны Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген тәсілмен Клиентке қайтару арқылы өтейді, бұған Шартта белгіленген жағдайлар қосылмайды.

8.5. Клиент Шартқа қол қоя отырып, Клиент қашықтықтан қызмет көрсету жүйесінде Банктің интернет және мобильді банкинг қашықтықтан қатынасу құралын пайдалана отырып жолдаған құжаттарын/нұсқаулықтарын Банктің қабылдауы заңды түрде алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген қағазда басып шығарылған құжаттарды қабылдаумен бірдей екенін мойындайды. Клиент Банкке Электрондық банктік қызметтерді ұсыну туралы келісімде көрсетілген тәртіпте және жағдайларда жасалған және берілген құжаттарды пайдалану құқығын береді. Бұл ретте Клиент Банкке орындау үшін интернет және мобильді банкингте жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапкершілік көтереді.

8.6. Клиент банктік шот бойынша интернет- және мобильді банкингі немесе логин, құпиясөз және/немесе бір реттік кодты пайдалану арқылы балама каналдар арқылы жасалған барлық операциялар үшін өз бетінше жауапкершілік көтереді. Банк Клиенттің банктік шот бойынша интернет- және мобильді банкингі немесе балама каналдар арқылы операциялар жасау туралы нұсқаулықтарын уақытында орындауы үшін жауапкершілік көтереді. Бұл ретте, Клиент логин, құпиясөз және/немесе бір реттік кодты құпия сақтауға және үшінші тұлғаларға жариялануына жол бермеуге міндетті, олар үшінші тұлғаларға жарияланған жағдайда, соның ішінде Клиенттің оларды құпия сақтау үшін жеткілікті түрде шаралар қолданбауының себебінен, Клиент бұған байланысты барлық салдарды және тәуекелдерді өз бетінше көтереді.

8.7. Атқарушы органның функцияларын қатысушы/құрылтайшы немесе өзге тұлға ғана жүзеге асыратын үлгілік жарғы негізінде қызметін жүзеге асыратын бірыңғай қатысушысы/құрылтайшысы бар заңды тұлғалар үшін өкілеттік мерзімі осы Кодекстің 3-тармағына сәйкес айқындалады. Заңды тұлғаның жалғыз қатысушысының/құрылтайшысының шешімінде өзге мерзім белгіленбесе, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 51-бабының 2-тармағында көзделген жауапкершілік бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

8.8. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері банктік (ағымдағы) шоттарын Банктің <https://business.forte.kz> электрондық порталы, интернет және мобильді банкинг арқылы қашықтан, шотты жабу туралы өтініштің негізінде жаба алады. Чек кітапшасы болған кезде шотты жабу оның күшін жоюға әкеп соғады.

8.9. Қолма-қол ақшаны беру операциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен шектелуі мүмкін.

8.10. Банктің телефон байланысы арқылы Клиентке Клиенттің банктік шоттары бойынша жүргізген операциялары туралы ақпаратты беруі салдарынан болуы мүмкін шығындар және/немесе басқа жағымсыз салдары қаупін Клиент көтереді.

8.11. Шарт бойынша, сонымен қатар, рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша туындаған дауларды/сұрақтарды Тараптар, егер Шартта басқасы қарастырылмаса, келіссөздер, жазбаша түрде наразылық/хабарлама/өтініштер жолдау арқылы шешеді.

8.12. Шарт аясында жолданатын барлық ескертулер мен хабарламалар жазбаша нысанда жасалынуы тиіс. Егер таңдалған байланыс арнасы ескертудің/хабарламаның адресатқа жеткізілгені туралы растауды қарастыратын болса, олар факс, телеграф бойынша тапсырысты хатпен жолданса немесе қолма-қол өзіне жеткізілсе, олар тиісті түрде жолданды деп есептеледі. Шарт бойынша хабарламалар Шартта тікелей қарастырылған жағдайларда ғана басқа тәртіпте жасалына алады.

8.13. Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптарға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Ағымдағы шоттар бойынша жалпы талаптардың 3.2.3. т. көрсетілген тәсілмен жасалуы тиіс, егер басқасы императивті түрде заңнамада белгіленбеген болса.

8.14. Шартта реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес іске асырылады және реттеледі.

Банк:

"ForteBank" АҚ

Мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БЕК – 14

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» ММ-дегі KZ23125KZT1001300204

Телефоны +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75; 55575 - (мобильді телефоннан)